

«БЕКІТЕМІН»
Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университетінің
ректор **М.ӘШ-ШАХХАТ ӘЛ-ЖИНДИ**
«31» 2022 ж.

**САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ
КАДРЛЫҚ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Нұр-Мұбарак ЕИМУ – 001.07.2019

Қызмет бабында пайдалануға арналған басылым

Алматы

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		ҚП- Нұр-Мұбарак
СМЖБ	Күжатталған процедура	ЕИМУ -001-07-2019
Кадрлық саясаты туралы ереже		6 беттің 2 беті



АЛҒЫ СӨЗ

1. Әкімшілік бөлімімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген – Қ.Қайранбаева;

Нұр-Мұбарак ЕИМУ Ғылыми Кеңесінің №__ хаттама, «__» _____ 2022 ж.
БЕКІТІЛІП ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

3. ЕНГІЗІЛДІ – 2022 ж.
4. Тексерілу мерзімі – 2025 ж.

Келісілді:

Сапа менеджмент жүйесі бөлімінің меңгерушісі  Ш.А.Әділбаева;
Заңгер  Т.М.Маратов

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		<i>ҚП- Нұр-Мұбарак</i>
СМЖБ	Күжатталған процедура	<i>ЕИМУ -001-07-2019</i>
Кадрлық саясаты туралы ереже		6 беттің 3 беті

Кадрлық саясат университеттің жоғары басшылығымен әзірленіп, персоналмен жұмыс істеу негіздерін және оларға қойылатын талаптарды анықтайды.

Университеттің кадрлық саясаты Қазақстан Республикасы Конституциясының, ҚР заңдарының, соның ішінде еңбек заңнамасының нормаларын мүлтіксіз сақтау қағидаттарында университеттің қолданыстағы нормативтік-құқықтық базасы негізінде құрылады.

Кадрлық қамтамасыз ету жүйесі кадр саясатын қамтамасыз ететін және оның іске асырылуын бақылайтын құрылымдық бөлімшелерден, сондай-ақ университет үшін жоғары білікті кадрларды даярлау, ЖОО-ның профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша іс-шаралар жиынтығын қамтиды.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті кадрлық саясатының мақсаты университеттің мақсаттарына жету үшін қажетті және миссиясына жауап беретін жоғары кәсіби деңгейі бар университеттің кадрлық құрамын қалыптастыру, дамыту және басқару жүйесін құру болып табылады.

Кадр саясатының принциптері:

- университеттің миссиясы мен мақсаттарына кадрлық қамтамасыз ету бойынша қызметтің сәйкестігі;
- университет қызметкерлерінің еңбек және кәсіби әлеуетін дамыту және жүзеге асыру мүмкіндіктерінің теңдігі;
- Конституциялық, еңбек және әлеуметтік заңнама нормаларын сақтау;
- кадрлық саясаттың университет қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталуы;
- университет кадрларының сабақтастығы мен жаңартылуы.

Университеттің кадр саясатының міндеттері:

- университеттің ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларын жанарту, сапалық құрамын жақсарту жүйесін дамыту;
- университет қызметінің ішкі және сыртқы жағдайларына сәйкес университетті ғылыми-педагогикалық, оқу-көмекші кадрлармен, сондай-ақ жұмысшылармен, талап етілетін кәсіптердің, мамандықтардың және біліктіліктердің қызметшілерімен жасақтау;

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		ҚП- Нұр-Мұбарак ЕИМУ -001-07-2019
СМЖБ	Құжатталған процедура	
Кадрлық саясаты туралы ереже		6 беттің 4 беті

- университет қызметкерлерінің кәсіби мүмкіндіктерін толық ашу, өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдай жасау;
- университеттің ерекше көзге түскен қызметкерлерін марапаттарға, көтермелеулерге ұсыну;
- университет қызметкерлерінің кәсіби өсуі үшін материалдық ынталандыру жасау;
- университет қызметкерлерінің кәсіби өсуі үшін материалдық ынталандыру жасау;

Кадрлық қамтамасыз ету жүйесі өзара іс-қимыл жасайтын және міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін университеттің құрылымдық бөлімшелеріне негізделеді.

Университеттің кадрлық саясаты құрылымдық бөлімшелермен университеттің әрбір басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың жоспарлары негізінде жүзеге асырылады.

Кадрлық қамтамасыз ету жүйесі өткізетін және кадр саясатының міндеттерін шешуге бағытталған іс-шаралар:

- Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті Ректоры мен проректорының менеджмент саласының біліктілігін арттыру;
- университет оқытушыларының біліктілігін арттыру;

Университеттің кадрлық саясатының негізгі бағыттары:

- 1) кадрларды даярлау, іріктеу жөніндегі жүйелі, мақсатты жұмыстарды жүзеге асыру, сондай-ақ қызметкерлердің біліктілігін жүйелі түрде арттыру үшін жағдайлар жасау;
- 3) оқытушылық, ғылыми-зерттеу жұмысының уәждемесін күшейту және еңбекақы төлеуді ынталандыру арқылы кадрлар кәсіпқойлығының өсуін ынталандыру;
- 4) кадр резервін қалыптастыру;

Кадр саясатының негізгі міндеттері:

- 1) Университеттің кадрлық саясаты бойынша нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу;
- 2) Университет қызметінің ішкі және сыртқы жағдайларына сәйкес университетті педагогикалық, ғылыми қызметкерлермен, оқу-тәрбие кадрларымен, сондай-ақ жұмысшылармен, талап етілетін кәсіптердің, мамандықтардың және біліктіліктің қызметшілерімен жасақтау;
- 3) университет қызметкерлерінің оқытушылық және ғылыми-зерттеу қызметінің әлеуметтік маңыздылығына ішкі сенімін қалыптастыру;

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		ҚП- Нұр-Мұбарак ЕИМУ -001-07-2019
СМЖБ	Құжатталған процедура	
Кадрлық саясаты туралы ереже		6 беттің 5 беті

- 4) Университет қызметкерлерінің кәсіби мүмкіндіктерін толық ашу, өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдай жасау;
- 5) университеттің ерекше көзге түскен қызметкерлерін марапаттарға, көтермелеулерге ұсыну;
- 6) Ақпараттық технологиялар мен автоматтандырылған жүйелерді пайдалана отырып, кадрлық әлеуетті басқару әдістерін енгізу.

Басқа мақсаттар:

- 1) еңбек заңнамасымен қарастырылған азаматтардың құқықтары мен міндеттерін іске асыру жағдайларын қамтамасыз ету;
- 2) кадрлық әлеуетті ұтымды пайдалану;
- 3) еңбек ұжымының тиімді жұмысын қалыптастыру және қолдау;

Университеттің кадрлық саясатының негізгі принциптері:

- 1) қабылданатын кадр шешімдерінің демократиялылығы мен жариялылығы;
- 2) Университеттің даму бағыты жағдайына персоналдың сапасы мен санының сәйкестігі;
- 3) қызметкердің жеке еңбек әлеуетінің лауазым және жұмыс орнының талаптарына сәйкестігі;
- 4) персоналды орналастыру мен оның ықпалдасуының ұйымдық құрылымға және еңбек әлеуетінің мүмкіндіктеріне сәйкес келуі;
- 6) басшылықтың қол жетімділігі;
- 7) бастамалар мен шығармашылыққа жағдай жасау;
- 8) ПОҚ қызметін ынталандыру;
- 9) ПОҚ біліктілігін арттыру және өзін-өзі жетілдіру;
- 10) техникалық жарақтандырылған жұмыс орны мен аудиториялар сабақ үшін ұсыну;
- 11) ПОҚ университет ресурстарына еркін қол жеткізу.

- Университеттегі кадрлық саясатқа жалпы басшылық жасауды жарғы негізінде Қазақстан заңнамаларына сәйкес жүзеге асырады.
- Университетте кадр саясатын жүзеге асыруды кадрларға жауапты бөлім жүзеге асырады.
- Кадрларды іріктеу және ынталандыру, олардың мансабын басқару, олардың жұмыс сапасын бағалауды құрылымдық бөлімшелердің басшылары жүзеге асырады;

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		ҚП- Нұр-Мұбарак
СМЖБ	Құжатталған процедура	ЕИМУ -001-07-2019
Кадрлық саясаты туралы ереже		6 беттің 6 беті

- Профессор-педагогикалық құрамның біліктілігін арттыруды жоспарлауды университеттің Академиялық мәселелер департаменті басқармасы жүргізеді.

Әкімшілік бөлім меңгерушісі



Қ.С.Кайранбаева